

## Хромтау ауданы Құдықсай ауылдық округі "Даулет" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Құдықсай ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 5 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 қаңтарда № 4663 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Құдықсай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Құдықсай ауылдық округі әкімінің 27.09.2016 № 4 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл Шаруашылық Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Хромтау аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік бас инспекторының 2015 жылғы 28 қазандағы № 15-4/191 ұсынысы негізінде Құдықсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Хромтау ауданы Құдықсай ауылдық округінде орналасқан "Даулет" шаруа қожалығының аумағында ірі қара малдары арасында жұқпалы бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды әкім аппаратының бас маманы А.М.Баймешовке жүктеймін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Хромтау ауданы*

*Құдықсай ауылдық округінің әкімі*

*Н.С.Изтлеуов*